

PHILIPS

Кешке арналған
үндеткіш

1000 сериясы

NX100



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1 Маңызды	2
Қауіпсіздік	2

2 Mini Hi-Fi жүйеңіз	4
Кіріспе	4
Қорапта не бар	4
Негізгі блокқа шолу	5
Негізгі ойнату	7

3 Жұмысты бастау	9
Қосылу	9
Қуатты қосу	10
Қосу	10

4 USB құрылғысынан ойнату	11
USB сақтау құрылғысынан ойнату	11
Ойнатуды басқару	11

5 Аудионы Bluetooth арқылы ойнату	12
Құрылғыны қосу	12
Bluetooth құрылғысынан ойнату	12
Құрылғыны ажырату	13

6 Дыбысты реттеу	14
Дыбыс деңгейін реттеу	14
Төмен дыбыс жиіліктерін жақсарту	14

7 Басқа мүмкіндіктер	15
Сыртқы құрылғыны тыңдау	15
Декорациялық шамды қосу немесе өшіру	15

8 Өнім туралы ақпарат	16
Техникалық сипаттамалары	16
USB ойнату мүмкіндігі туралы ақпарат	17
Қолдау көрсетілетін MP3 пішімдері	17
Техникалық қызмет көрсету	17

9 Ақаулықтарды жою	18
Bluetooth құрылғысы туралы	18

10 Ескерту	19
Талаптарға сәйкестік	19
Қоршаған ортаны күту	19
Сауда белгісі туралы ескерту	20

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Осы қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай жарқылы» құрылғы ішіндегі ток соғуына әкелуі мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамдардың қауіпсіздігі үшін өнім корпусын ашпаңыз.

«Леп белгісі» пайдалану және техникалық қызмет көрсету мәселелерін болдырмау үшін жинақтағы материалды мұқият оқу керек мүмкіндіктерге көңіл аударады.

ЕСКЕРТУ: өрт немесе ток соғуы қаупін азайту үшін бұл құрылғыға жаңбырдың немесе ылғалдың әсерін тигізбеу керек және бұл құрылғыға вазалар сияқты сұйықтықтар толтырылған заттарды қоймау керек.

САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ: ток соғуын болдырмау үшін ашаның кең істігін кең слотқа сәйкес келтіріп, толығымен кіргізіңіз.

Ескерту

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан ашпаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр жабдыққа ешқашан қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны тік күн жарығынан, ашық оттан немесе жылудан аулақ ұстаңыз.
- Осы құрылғы ішіндегі лазерлік сәулеге ешқашан қарамаңыз.
- Осы құрылғыны қуаттан ажырату үшін сізде әрқашан қуат сымына, ашаға немесе адаптерге оңай қатынас болуын қамтамасыз етіңіз.

- Бұл құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз.
- Өндірушінің нұсқауларына сай орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылуды тудыратын басқа құрылғылар (соның ішінде зорайтқыштар) сияқты ешбір жылу көздерінің жанында орнатпаңыз.
- Қуат сымын, әсіресе ашаларды, розеткаларды және олар құрылғыдан шығатын тұтасы үстінен жүруден немесе қысылудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен тіркемелерді/аксессуарларды пайдаланыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылған арбашықты, тұрғыны, штативті, кронштейнді немесе үстелді пайдаланыңыз. Арбашық пайдаланылса, аударылудан жарақатты болдырмау үшін арбашық/құрылғы тіркесімін жылжытқанда сақ болыңыз.



- Найзағайлар кезінде немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған кезде бұл құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.
- Бүкіл қызмет көрсетуді білікті қызмет көрсету мамандарына тапсырыңыз. Қызмет көрсету құрылғы кез келген түрде зақымдалғанда қажет, мысалы, қуатпен қамту сымы немесе аша зақымдалса, сұйықтық төгілсе немесе құрылғы ішіне заттар құлап түссе, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал әсері тисе, қалыпты жұмыс істемесе немесе түсіріп алынса.
- Батареяны пайдалануға қатысты САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ - Дене жарақатына, мүліктің зақымдалуына немесе қашықтан басқару құралының зақымдалуына әкелуі мүмкін батарея сұйықтығының жылыстауын болдырмау үшін:

- Батареяны дұрыс, + және - таңбаларын қашықтан басқару құралында белгіленгендей бағытта орнатыңыз.
- Батареяларды араластырмаңыз (ескілері мен жаңаларын немесе көміртекті және сілтілілерін, т.б.).
- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, батареяны шығарыңыз.
- Батареяға күн шуағы, от немесе сол сияқты артық жылудың әсерін тигізбеу керек.
- Құрылғыға тамшылардың немесе шашырандылардың әсерін тигізбеу керек.
- Құрылғыға ешбір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттарды, жанып тұрған майшамдарды) қоймаңыз.
- Желілік аша немесе құрылғы жалғастырғышы ажырату құралы ретінде пайдаланылса, ажырату құралы пайдалануға дайын күйде болуы керек.

! Сақтық ескерту

- Осындағыдан басқа басқару элементтерін немесе реттеулерді пайдалану, я болмаса процедураларды орындау қауіпті лазер әсеріне немесе басқа қауіпті пайдалануға әкелуі мүмкін.

Есту қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлаққаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетін зақымдауы мүмкін. Бұл өнім тіпті бір минуттан азырақ әсер болса да, қалыпты адамда есту қабілетінің

жоғалуына әкелуі мүмкін децибел ауқымдарындағы дыбыстарды тудырады. Жоғарырақ децибел ауқымдары есту қабілеті біраз жоғалған адамдарға ұсынылады.

- Дыбыс алдауы мүмкін. Уақыт өте келе естудің «ыңғайлы деңгейі» дыбыстың жоғарырақ дыбыс деңгейлеріне бейімделеді. Осылайша ұзақ тыңдаудан кейін «қалыпты» болып естілетін нәрсе іс жүзінде жоғары және есту қабілетіңізге зиянды болуы мүмкін. Бұдан қорғау үшін есту қабілетіңіз бейімделмей тұрып дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, сонда қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін басқару элементін төмен параметрге орнатыңыз.
- Ыңғайлы және анық бұрмаланусыз ести алғанша дыбысты баяу арттырыңыз.

Дұрыс уақыт кезеңдері бойы тыңдаңыз:

- Дыбыстың тіпті «қауіпсіз» деңгейлерде де ұзақ әсер етуі де есту қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін.
- Жабдықты ақылмен пайдаланыңыз және тиісті үзілістерді жасап тұрыңыз.

Құлаққаптарды пайдаланғанда келесі ережелерді сақтаңыз.

- Тиісті дыбыс деңгейлерінде тиісті уақыт кезеңдері бойы тыңдаңыз.
- Құлақтарыңыз бейімделгенде, дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін айналадағыны ести алмайтындай жоғарылатпаңыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда сақ болу немесе пайдалануды уақытша тоқтату керек.



Ескертпе

- Тұр тақтайшасы құрылғының артқы жағында орналасқан.

2 Mini Hi-Fi жүйеңіз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз!
Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өнімді www.Philips.com/welcome бетінде тіркеңіз.

Кіріспе

Бұл өнім арқылы сіз

- USB сақтау құрылғыларынан, Bluetooth қолдайтын құрылғылардан немесе басқа сыртқы құрылғылардан аудионы тыңдай аласыз;

Дыбысты байыту үшін бұл өнім сізге мына дыбыстық әсерлерді ұсынады:

- Төменгі жиіліктерді динамикалық күшейту (DBB)


Қорапта не бар

Орауыштың құрамын тексеріңіз және анықтаңыз:

- Негізгі блок x 1
- Басылған материалдар
- Айнымалы ток қуат сымы x 1

Негізгі блокқа шолу


ЖОҒАРҒЫ ТАҚТА:



- | | |
|--|---|
| 1. MIC1 IN ҰЯШЫҒЫ | 12. BLUETOOTH (көк индикатор) |
| 2. MIC2 IN ҰЯШЫҒЫ | 13. PLAY/PAUSE (ОЙНАТУ/КІДІРТУ) |
| 3. MIC1 ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ ТЕТІГІ | 14. NEXT (КЕЛЕСІ) |
| 4. MIC2 ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ ТЕТІГІ | 15. VOLUME+ (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ) |
| 5. ДАУЫС ЖҰМСАРТҚЫШ | 16. LIGHT (ШАМ) |
| 6. ДАУЫС ӨЗГЕРТКІШ | 17. GUITARVOL (ГИТАРАНЫҢ ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ) |
| 7. DBV | 18. ECHO (ЖАҢҒЫРЫҚ) |
| 8. БАТАРЕЯ ДЕҢГЕЙІНІҢ ИНДИКАТОРЫ | 19. USB SLOT (USB СЛОТЫ) |
| 9. КҮТУ РЕЖИМІ (қызыл индикатор) БАТАРЕЯ ДЕҢГЕЙІН КӨРУ | 20. LINE OUT (ЖЕЛІ ШЫҒЫСЫ) |
| 10. АЛДЫҒЫ | 21. LINE IN |
| 11. VOLUME- (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН АЗАЙТУ) | 22. GUITAR IN (ГИТАРА КІРІСІ) |

Негізгі блокқа шолу

АРТҚЫ ТАҚТА:



**1. АЙНЫМАЛЫ ТОК ҚУАТЫНЫҢ
ҰЯШЫҒЫ**

Негізгі ойнату

ЖОҒАРҒЫ ТАҚТАНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

POWER ON/OFF



- Құрылғыны қосу/өшіру үшін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Қуат қосылы күйде ағымдағы батарея зарядының деңгейін көру үшін басыңыз.

VOCAL FADER



- VOCAL ON және VOCAL OFF арасында ауысу үшін қайта-қайта басыңыз.



- DBB1/DBB2/ DBB OFF (DBB ӨШІРУЛІ) арасында әртүрлі DBB әсерлерін ауыстыру үшін қайта-қайта басыңыз.



- Bluetooth режиміне кіру үшін басыңыз.
- Bluetooth қосылымын ажырату үшін басып, ұстап тұрыңыз.

VOICE CHANGER



- voice1 (1-дауыс)/voice2 (2-дауыс)/voice3 (3-дауыс)/voice off (дауыс өшірулі) арасында әртүрлі дауыс үндерін өзгерту үшін қайта-қайта басыңыз.



- Үндеткіштегі ЖШД индикаторлық шамының әртүрлі шам режимдері арасында ауысу үшін қайта-қайта басыңыз. Стробоскоптық жарықты қосу/өшіру үшін басып, ұстап тұрыңыз.



- Ойнатуды уақытша кідірту үшін басыңыз; ойнатуды жалғастыру үшін оны қайтадан басыңыз.



- Келесі трекке өту үшін басыңыз.



- Алдыңғы трекке оралу үшін басыңыз.



- Дыбыс деңгейін жоғарылату үшін [VOLUME+] түймесін басыңыз.



- Дыбыс деңгейін төмендету үшін [VOLUME-] түймесін басыңыз.

MIC VOL



- Караоке немесе хабарландырулар жасау үшін пайдаланылатын дыбыс деңгейін микрофонның дыбыс деңгейі тетігі арқылы реттеуге болады.

MIC ECHO



- Караоке немесе хабарландырулар жасау үшін пайдаланылатын микрофон жаңғырығының дыбыс деңгейін микрофон жаңғырығының дыбыс деңгейі тетігі арқылы реттеуге болады.

GUITAR VOL



- Қосылған гитараның дыбыс деңгейін жоғарғы тақтадағы гитараның дыбыс деңгейін басқару тетігі арқылы басқаруға болады.

MIC IN1/2



- Караокемен ән айту немесе хабарландырулар жасау үшін микрофонның стерео ұяшығы арқылы сыртқы микрофонды жалғауға болады.

GUITAR SOCKET



- Жоғарғы тақтадағы гитара ұяшығы гитараны қосу үшін пайдаланылады.

USB SLOT



- MP3 музыкасы үшін USB сақтау құрылғыларын жоғарғы жақтағы USB ұяшығына қосуға болады.

Негізгі ойнату

МИКРОФОНДЫ ОЙНАТУ

- Жоғарғы жақтағы микрофон ұяшығына бір микрофонды қосыңыз және жоғарғы тақтадағы микрофонның дыбыс деңгейі тетігін пайдаланып, төмен деңгейге реттеңіз.
- Микрофонның дыбыс деңгейін және жаңғырық деңгейін қажетті деңгейге реттеңіз. Жоғарғы тақтадағы микрофонның дыбыс деңгейі тетігін пайдаланыңыз.

Енді, караокемен ән айтыңыз!

ЗАРЯДТАУ ӘРЕКЕТІ

- Құрылғыдағы айнымалы ток кіріс ұяшығын айнымалы ток қуат шығысына қосу үшін айнымалы ток қуат сымын (қамтылған) пайдаланыңыз. Батареяны зарядтау күйін көрсету үшін зарядтау алдында құрылғыны қосқан жақсырақ болады. Зарядтау кезінде ағымдағы зарядату индикаторлық шамы жыпылықтайды, құрылғыдағы төрт зарядтау индикаторлық шамы тұрақты түрде жанса, бұл батарея толығымен зарядталғанын көрсетеді.

Ескертпе: сондай-ақ құрылғының кірістірілген зарядталатын батареясы қуат өшірулі күйде және құрылғы зарядтау күйін көрсете алмағанда зарядтала алады

БАТАРЕЯНЫҢ АВТОНОМДЫ ЖҰМЫС МЕРЗІМІН ТЕКСЕРУ

- Ыңғайлы болуы үшін үндеткіш батареяны смарт тексеру мүмкіндігімен жобаланған.
- Құрылғы зарядталып жатпағанда, қуат қосулы режимде құрылғының ЖШД индикаторында ағымдағы батарея зарядының деңгейін көрсету үшін батарея зарядының деңгейін көру түймесін басыңыз

4 АҚ ЖШД жанады=шамамен 100% толы

3 АҚ ЖШД жанады=шамамен 75% толы

2 АҚ ЖШД жанады=шамамен 50% толы

1 АҚ ЖШД жанады=шамамен 25% толы (зарядтау қажет екенін көрсетеді)

3 Жұмысты бастау

! Сақтық ескерту

- Осындағыдан басқа басқару элементтерін немесе реттеулерді пайдалану, я болмаса процедураларды орындау қауіпті лазер әсеріне немесе басқа қауіпті пайдалануға әкелуі мүмкін.

Осы тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі нөмірі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі нөмірі және сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Нөмірлерді мына жерге жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Қосылу

LINE IN

Бұл құрылғының аудио кіріс терминалы бар. VCD, CD, VCR, MP3 ойнатқышы, т.б. сияқты сыртқы құрылғылардан аналогтық стерео аудио сигналдарының кірісін қабылдауға болады.

Осы ойнатқыштың жоғарғы тақтасындағы **LINE IN** кіріс терминалын қосу үшін аудио кабельді пайдаланыңыз, құрылғы LINE IN режиміне автоматты түрде ауысады.

GUITAR IN қосылымы

Осы кешке арналған динамикке гитараны тікелей жоғарғы тақтадағы Guitar кіріс ұяшығы арқылы қосуға болады.

6,5 мм (1/4 дюйм) гитара жалғағышын пайдаланып жоғарғы тақтадағы GUITAR IN ұяшығына қосыңыз, содан кейін қосылған гитараның дыбыс деңгейін жоғарғы тақтадағы гитараның дыбыс деңгейін басқару тетігі арқылы басқаруға болады.

Қуатты қосу

! Сақтық ескерту


- Өнімнің зақымдалу қаупі бар! Қуат көзінің кернеуі өнімнің артқы немесе төменгі жағында басылған кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Қуат сымын розеткадан ажыратқанда, әрқашан ашадан тартыңыз. Сымнан ешқашан тартпаңыз.

Ескертпе

- Айнымалы ток қуатын қосу алдында барлық басқа қосылымдарды орнатқаныңызды тексеріңіз.

Айнымалы ток қуат сымын құрылғының артқы тақтасындағы AC IN ұяшығына қосыңыз.

Содан кейін айнымалы ток қуат сымының екінші соңын розеткаға қосыңыз.



Қосу

Φ түймесін басыңыз.

- ↳ Құрылғыны қосу/өшіру үшін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.


4 USB құрылғысынан ойнату

USB сақтау құрылғысынан ойнату

Ескертпе

- USB құрылғысында қолдау көрсетілетін пішімдердегі ойнатуға болатын аудио мазмұн бар екенін тексеріңіз.

- 1 Құрылғыны қосу үшін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
- 2 Құрылғының USB ашасын  ұяшығына қосыңыз.
Құрылғы USB ойнату режиміне автоматты түрде ауысады.



- 3  /  түймелерін аудио тректі таңдау үшін басыңыз.
→ Ойнату автоматты түрде басталады.

Ойнатуды басқару

USB режимінде ойнатуды басқару үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Түйме	Әрекет
	Алдыңғы немесе келесі трекке өту үшін басыңыз
	Дыбыс деңгейін арттыру/азайту.
	Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз.

5 Аудионы Bluetooth арқылы ойнату

Бұл өнім Bluetooth арқылы Bluetooth құрылғыңыздан жүйеге музыканы ағындата алады.

Құрылғыны қосу



Ескертпе

- Құрылғыны осы өніммен жұптастыру алдында Bluetooth үйлесімділігі туралы пайдаланушы нұсқаулығында оқыңыз.
- Өнім ең көбі сегіз жұптастырылған құрылғыны есте сақтай алады. Тоғызыншы жұптастырылған құрылғы біріншісін ауыстырады.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысы арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын азайтуы мүмкін. Кедергілерді тудыруы мүмкін кез келген басқа электрондық құрылғыдан аулақ ұстаңыз.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр (30 фут).

Құрылғыны қолмен қосу

- 1 Bluetooth режимін таңдау үшін  түймесін басыңыз.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз және жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

- 3 Жұптастыру үшін құрылғыда көрсетілген [PHILIPS TANX100] құрылғысын таңдаңыз.
 - ➔ Сәтті қосылудан кейін Bluetooth индикаторы тұрақты болып қалады.

Bluetooth құрылғысынан ойнату

Bluetooth арқылы сәтті қосылудан укейін Bluetooth құрылғысында аудионы ойнатыңыз.

- ➔ Аудио Bluetooth құрылғыңыздан осы өнімге ағындатылады.

Құрылғыны ажырату

- ✳ Түймені басып, үш секунд бойы ұстап тұрыңыз;
- Құрылғыңызда Bluetooth функциясын өшіріңіз;
- Құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз



Ескертпе

- Басқа Bluetooth құрылғысын қосу алдында ағымдағы құрылғыны ажыратыңыз.

6 Дыбысты реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін ойнату кезінде + **VOL** - түймелерін басыңыз.

Төмен дыбыс жиіліктерін жақсарту

Dynamic Bass Boost (DBB) параметрі әрбір EQ таңдауы үшін автоматты түрде жасалады. Тыңдау ортаңызға ең қолайлы DBB параметрін қолмен таңдай аласыз.

- Ойнату кезінде мыналарды таңдау үшін **DBB** түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - **DBB 1**
 - **DBB 2**
 - **DBB OFF (DBB ӨШІРУЛІ)**


7 Басқа мүмкіндіктер

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Бұл өнім арқылы MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы аудио құрылғысын таңдай аласыз.

MP3 ойнатқышынан ойнату

- 1 Құрылғыны қосу үшін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
- 2 Екі жағында 3,5 мм жалғағышы бар аудио кіріс кабелін (жинаққа кірмейді) мынаған жалғаңыз:
 - өнімдегі **LINE IN** ұяшығы.
 - MP3 ойнатқышындағы гарнитура ұяшығы.
 - құрылғы LINE IN режиміне автоматты түрде ауысады.
- 3 MP3 ойнатқышындағы аудионы ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).



Декорациялық шамды қосу немесе өшіру

Қуат қосулы режимде, үндеткіш шамының түсін таңдау немесе шамды өшіру үшін **LIGHT** түймесін қайта-қайта басыңыз. Қуат қосулы режимде, үндеткіште ЖШД индикаторының шамы қосулы әртүрлі шам режимдері арасында ауысу үшін **LIGHT** түймесін қайта-қайта басыңыз. Қуат қосулы режимде, стробоскоптық шамды қосу/өшіру үшін басып, ұстап тұрыңыз.

8 Өнім туралы ақпарат

Техникалық сипаттамалары

Зорайтқыш

Айнымалы ток шығыс қуаты	Ең көбі 40 Вт
Батареяның шығыс қуаты	15 Вт
Жиілікке қатысты сипаттама	40 Гц - 20 кГц; ± 3 дБ
Сигнал мен бұрмаланудың арақатынасы	≥ 65 дБА
Жалпы гармониялық бұрмалану	< 1 %

Үндеткіш

Үндеткіштің кедергісі	4 Ом
Сезімталдық	87 ± 3 дБ/м/Вт

USB

USB Direct нұсқасы	2.0 Full Speed
Зарядтауды қолдау	5 В, 500 мА

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V5.0
Bluetooth жиіліктерінің диапазоны	2,4 ГГц ~ 2,48 ГГц ISM диапазоны
Bluetooth ауқымы	10 м (бос кеңістік)

Батарея

Батарея сыйымдылығы	Кірістірілген қайта зарядталатын 11,1 В 2200 мАсағ
---------------------	---

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	100-240 В~, 50/60 Гц
Күту режимінде қуатты үнемді тұтыну	≤ 0,5 Вт

Өлшемдері

- Негізгі блок (Е x Б x Д)	268 x 385 x 285 мм
----------------------------	--------------------

Салмағы

- Негізгі блок	5,6 кг
----------------	--------

USB ойнату мүмкіндігі туралы ақпарат

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0)
- жад карталары (осы құрылғыда жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралын қажет етеді)

Қолдау көрсетілетін пішімдер:

- USB немесе жад файлының пішімі FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 биттер жылдамдығы (деректер жылдамдығы): 32-320 Кбит/с және айнымалы биттер жылдамдығы
- Каталогтардың кірістірілуі ең көбі 8 деңгейге дейін болады
- Альбомдар/қалталар саны: ең көбі 99
- Тректер/туындылар саны: ең көбі 999
- Unicode UTF8 кодтауындағы файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 128 байт)

Қолдау көрсетілмейтін пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом — MP3 файлдарын қамтымайтын және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолдау көрсетілмейтін файл пішімдері өткізіп жіберіледі. Мысалы, .dlf кеңейтімі бар Word құжаттары (.doc) немесе MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM аудио файлдары
- WMA файлдары

Қолдау көрсетілетін MP3 пішімдері

- Туындылардың ең көп саны: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Альбомдардың ең көп саны: 64
- Қолдау көрсетілетін дискретизация жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32-320 (Кбит/с), айнымалы бит жылдамдықтары

Техникалық қызмет көрсету

Корпусты тазалау

- Орташа жуғыш зат ерітіндісінде ылғалдандырылған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Алкогольді, спиртті, аммиакты немесе абразивтік заттарды қамтитын ерітіндіні пайдаланбаңыз.

9 Ақаулықтарды жою

! Сақтық ескерту

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан ашпаңыз.

Кепілдікті жарамды сақтау үшін жүйені өзіңіз жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз.

Осы құрылғыны пайдалану кезінде мәселелер кездессе, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-сайтына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының маңайда болуын әрі үлгі нөмірі мен сериялық нөмірдің қолжетімді болуын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнымалы ток қуат ашасы тиісті түрде қосылғанын тексеріңіз.
- Айнымалы ток шығысында қуат бар екенін тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу үшін ойнату соңына жетуінен және ешбір басқару элементі пайдаланалымағаннан 15 минуттан кейін құрылғы күту режиміне автоматты түрде ауысады.

Дыбыс жоқ немесе дыбыс нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат ашасын ажыратыңыз және қайта қосыңыз, содан кейін құрылғыны қайтадан қосыңыз.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны белгілі бір лимиттен асты. Бұл құбылыс ақаулық болып табылмайды.
- Бұл файлдардың пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылудан кейін аудионың сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдау нашар. Құрылғыны осы өнімге жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылып қойылған. Сол құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптастырылған құрылғы тұрақты түрде қосылады және ажыратылады.

- Bluetooth қабылдау нашар. Құрылғыны осы өнімге жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғылар үшін қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде Bluetooth қосылымы автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл осы өнімнің ешбір ақаулығын көрсетпейді.

10 Ескерту

MMD Hong Kong Holding Limited

ашық түрде мақұлдамаған осы құрылғыға енгізілген кез келген өзгертулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Талаптарға сәйкестік



Осымен, **MMD Hong Kong Holding Limited** компаниясы бұл өнім **2014/53/EU** директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support бетінде табуға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен құрамдастарды пайдаланып өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.



Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасы қамтитын, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыруға болмайтын батареяларды қамтитынын білдіреді.

Жергілікті электр және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару үшін батареяны орнату бөлімін қараңыз.

Қоршаған орта туралы ақпарат

Бүкіл қажет емес орауыш пайдаланылмады. Орауышты үш материалға бөлуді оңай етуге тырыстық: картон (қорап), полистирен көбігі (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғағыш көбік парағы).

Жүйеңіз арнайы компания бөлшектесе, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдарды, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа лақтыруға қатысты жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Сауда белгісі туралы ескерту



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және **MMD Hong Kong Holding Limited** мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары тиісті иелерінікі болып табылады.



Бұл — қос оқшаулауы бар және қорғағыш жер қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ құрылғы.



Жауапкершілік алыңыз
Авторлық құқықтарды
құрметтеңіз

Көшіруден қорғалған материалдардың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, трансляциялардың және дыбыстық жазбалардың рұқсат етілмеген көшірмелерін жасау авторлық құқықтарды бұзу болуы және қылмыстық іс болып табылуы мүмкін. Бұл өнімді мұндай мақсаттарда пайдаланбау керек.



Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және солардың жауапкершілігімен сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

